

**Забурын селолық округі Зинеден селосы Жастар көшесі бойынша ауыл шаруашылығы малдары мен үй хайуанаттарының құтыру ауруына қарсы шектеу жариялау туралы**

*Күшін жойған*

Исатай ауданы әкімінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 48 қаулысы. Исатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 мамырда N 4-4-133 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық әкімиятының 2011 жылғы 24 мамырдағы № 77 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық әкімиятының 24.05.2011 № 77 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339-ІІ "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағына, 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Забурын селолық округі Зинеден селосы Жастар көшесі тұрғындарының ауыл шаруашылығы малдары мен үй хайуанаттарына екі ай мерзімге карантиндік шектеу қойылсын.

2. Аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесіне (Х. Қабасов - келісім бойынша) ауданның барлық селолық округтерінде ауыл шаруашылығы малдары мен үй хайуанаттарына (ит, мысық) "құтыру" ауруына қарсы екпе жұмыстарын жүргізу және сапалы жүргізілуін бақылауға алып отыру ұсынылсын.

3. Аудандық емхана әкімшілігі (М. Жамалова - келісім бойынша) мен аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Ө. Шакесова - келісім бойынша) ауру малды бағып-күткен тұрғындарды дәрігерлік байқаудан өткізіп, сақтандыру шарасын алу ұсынылсын.

4. Забурын селолық округіне (Б. Құсайынов) селолық округ аумағындағы ауру таратушы болып есептелетін барлық бұралқы ит, мысықтарды жоюдың барлық шарасын алу, тұрғындар арасында сақтық, түсінік жұмыстарын жүргізу міндеттелсін.

5. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Алмағамбетовке жүктелсін.

6. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*З. Сүйнешов*

К е л і с і л д і :

Аудандық аумақтық  
инспекциясының бастығы

Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық  
қадағалау басқармасының бастығы

\_\_\_\_\_ Х. Қабасов

\_\_\_\_\_ Ө. Шакесова

20.04.2009 ж.

20.04.2009 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК